

2023 жыл басына Қазақстан Республикасының халық саны

Шығарылған күні: 21.04.2023

Келесі шығарылым күні: 22.04.2024

1. Түйінді тұстар
2. Динамикалық кестелер
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстар


- Барлық халық – 19766807 адам;
- Қалалық – 12209302 адам;
- Ауылдық – 7557505 адам ;
- Ерлер – 9647701 адам;
- Әйелдер – 10119106 адам.

2023 жыл басына этникалық құрам:

- Қазақтар – 13965957 адам (70,7%);
- Орыстар – 3000611 адам (15,2%);
- Өзбектер – 643363 адам (3,3%).

2023 жыл басына жынысы және жер типі бойынша халық саны

адам, пайызбен



Электрондық кестелер

[2023 жыл басына нақтыланған халық саны](#)


[2023 жыл басына халықтың жынысы және жергілікті жердің типіне қарай саны](#)

[2023 жыл басына халықтың жынысы мен жекелеген жас құрамы бойынша саны](#)

[2023 жыл басына халықтың жекелеген этностары бойынша саны](#)

Өңірлер бойынша халық саны


мың адам



Қала халқының ең көп үлесі Қарағанды (81,3%), Ұлытау (79,1%) және Ақтөбе (74,6%), ал ең аз үлесі Алматы (16,2%), Түркістан (24,5%) және Жамбыл (43,3%) облыстарында байқалды.

Демографиялық жүктеме коэффициенттері

еңбекке жарамды жастағы 1000 адамға



2023 жыл басына еңбекке жарамды жастағы халықтың 1000 адамына демографиялық жүктеме – 740,04 адам, оның ішінде еңбекке жарамды жастан төмен халық – 542,46 адам, еңбекке жарамды жастан асқан халық – 197,59 адам.

2. Динамикалық кестелер:

жылдар бойынша:

Халық саны

Орташа жылдық халық саны

Бір жылдық жас бойынша халық саны

айлар бойынша:

Халық саны

3. Глоссарий

Халық саны – белгілі бір уақытта осы аумақта тұратын адамдардың саны;

Халықтың жалпы өсімі (кемуі) – халықтың табиғи өсімінің (кемуінің) және көші-қон өсімінің (кемуінің) алгебралық сомасы;

Халықтың көші-қон өсімі (кемуі) – белгілі бір кезеңде аймақ аумағына келгендер саны мен одан тыс жерлерге кеткендер саны арасындағы айырмашылық;

Халықтың табиғи өсімі (кемуі) – тірі туғандар саны мен белгілі бір кезеңдегі қайтыс болғандар саны арасындағы айырмашылық.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Халық саны – қазіргі уақытта осы аумақта тұратын адамдардың саны. Жыл басындағы ағымдағы бағалар соңғы санақтың қорытындылары негізінде есептеледі, оған жыл сайын осы аумаққа туғандар мен тұрақты тұруға келгендердің саны қосылады және осы аумақтан қайтыс болғандар мен тұрақты тұруға кеткендердің саны шегеріледі. Өткен жылдардағы халық санының ағымдағы бағалары кезекті санақ қорытындылары негізінде нақтыланады.

Халықтың жалпы санын есептеу тұтастай алғанда Қазақстан және оның жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктері (қалалық қоныстар, қалалық аудандар, әкімшілік аудандар) бойынша жүргізіледі. Есептеулерде жекелеген аумақтардың шекараларының өзгеруі нәтижесінде халық санының ұлғаюы немесе қысқаруы, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық қайта құру нәтижесінде қала және ауыл халқы санының өзгеруі ескеріледі.

Халық саны қалалық және ауылдық тұрғындарға бөлінеді. Қала халқы – қалалық елді мекендерде тұратын халық. Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығының аумағындағы кенттер жатады. Ауыл халқы – ауылдық жерлерде тұратын халық. Қалалық ретінде жіктелмеген елді мекендер ауылдық болып саналады.

5. Пайдалы сілтемелер

Халық саны мен құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі

Жынысы және жекелеген жас топтары бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны, сапасы бойынша есеп

Жекелеген этностар бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны, сапасы бойынша есеп

Қазақстан Республикасы халқының саны, сапасы бойынша есеп

Қазақстан Республикасы халқының саны, «Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі

Жауапты шығарушы:

Халық статистикасы
департаменті

Департамент директоры:

Н. Ханжігітов
Тел. +7 7172 749061

Орындаушы:

К. Рысбаев
Тел. +7 7172 749343
E-mail:k.rysbaev@aspire.gov.kz

Мекенжайы:

010000, Астана қаласы
Мәңгілік ел данғылы, 8
Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
